

## Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, ұйымдастынан қылмыс пен сыйбайлар жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 5 қарашадағы N 3731.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясының негізгі қағидаларын іске асыру, ұлттық қауіпсіздікті нығайту, мемлекеттің құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтерінің құрылымын оңтайландыру, ұйымдастынан қылмыс пен сыйбайлар жемқорлыққа қарсы күресті күшету мақсатында, Қазақстан Республикасы Конституациясының 44-бабының 3), 21) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Барлау департаментінің базасында Қазақстан Республикасының "Барлау" Қызметі - Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін сыртқы барлау органды құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы "Барлау" қызметінің директорын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындауды және қызметтен босатады деп белгіленсін. U090739

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті оның:  
жауапты мемлекеттік қызметтер атқаратын тұлғалардың, әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдарының, арнаулы қызметтер қызметкерлері мен судьялардың сыйбайлар, жемқорлығына байланысты ұйымдастынан қылмысқа, сондай-ақ қылмыстық қауымдастықтар жүзеге асыратын контрабандаға және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі өкілеттіктері Ұлттық қауіпсіздік комитетіне;

ұйымдастынан және экономикалық қылмыстың өзге де нысандарына қарсы күрес жөніндегі өкілеттіктері Ішкі істер министрлігіне беріле отырып таратылсын.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі:  
1) 1997 жылғы 1 желтоқсанға дейін мыналарды:  
- ұлттық қауіпсіздік пен ішкі істер органдарына осы Жарлықтың 3-тармағына сәйкес олардың қарауына берілетін қылмыстар туралы істер жөніндегі анықтау мен алдын ала тергеу құқығын беруді;

- зандар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерді өзірлеу және қабылдау кезінде қиянат жасаушылық мүмкіндігін болдырмайтын сүйемелдеп өткізу тәртібін реттеуді;

- сыйбайлас жемқорлықпен байланысты актілердің шешімдер мен мәмілелердің зандық күші жоқ және жарамсыз деп тануды;

- мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының ірі ақшалай шығыстарына бақылау орнату және заңсыз табылған ақша мен өзге де мүлікті заңдастыруға ("тазартуға") жол бермеу мақсатында өзге де қаржылық бақылау шараларын қолдануды;

- мемлекеттік қызметшілерді аттестациялау мен қызметке жоғарылату туралы мәселені шешу кезінде оларды арнайы тексерудің міндеттілігін;

- зандарға осы Жарлықтан туындастырылғанда өзге де өзгерістер мен толықтыруларды көздейтін заң жобаларын өзірлеп, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне табыс ететін болсын:

2) екі ай мерзімде Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығымен келісе отырып, таратылатын Мемлекеттік тергеу комитетінің штат санын, ғимараттарын, оқу орындарын, материалдық-техникалық құралдары мен өзге де мүлкін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігіне, оларға қылмысқа қарсы күрес жөнінде берілетін өкілеттіктердің көлеміне сәйкес, беруді жүргізетін болсын;

3) бір ай мерзімде лицензиялар мен өзге де рұқсат түрлерін беруге уәкілетті мемлекеттік органдардың санын қысқартуды, сондай-ақ мемлекеттік органдар жүзеге асыратын бөліп беру функцияларын қысқартуды көздейтін шешімдер қабылдасын, занды және жеке тұлғалар арасында ақшалай аударым арқылы есеп айырысу нысандарын қолдану аясын кеңейту жөнінде нақты шаралар қолдансын;

4) 1997 жылғы 1 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу деңгейін арттыруды, олардың әлеуметтік қорғалуының өзге де кепілдіктерін, қызметіне, әлеуметтік-тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетілу жөнінде қалыпты жағдай туғызуды, нарық жағдайы мен мемлекеттік қызмет режиміне сай келетін өтемақылық төлемдердің нормативтерін көздейтін, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыс пен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күресте халықтың белсенді позициясын қалыптастыруға жәрдемдесетін ынталандыру сипатындағы шаралар кешенін өзірлеу туралы ұсыныстар енгізсін;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын шығарылған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

6) осы Жарлықтан туындастырылғанда басқа да шараларды қолданатын болсын.

## 5. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі бір ай мерзімде:

"Барлау" қызметінің Директорымен бірлесе отырып Қазақстан Республикасының "Барлау" қызметі туралы ережені Республика президентінің қарауына енгізетін болсын;

Республика Президентінің актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтіру туралы  
ұсыныстар енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының Үкіметімен және Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығымен келісе отырып, 1997 жылғы 1 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасы "Барлау" қызметінің міндеттері мен функцияларының көлеміне сәйкес оған штат санын ғимараттарды, материалдық-техникалық құралдар мен өзге де мүлікті беретін болсын.

7. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығы, Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі мен Әділет министрлігі үйымдастық қылмысқа, есірткі бизнесі мен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы мемлекетаралық көпжакты және екі жакты келісімдер жасасу және Қазақстанның аталған қылмыстық көріністерге қарсы күрес жөніндегі халықаралық бағдарламаларға қатысуы жөнінде ұсыныстар енгізсін.

8. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мемлекеттік бүқаралық ақпарат құралдарының ұйымдасқан қылмыс нысандары мен сыйбайлар жемқорлыққа қарсы күресті күшету жөнінде қолданылып отырған шаралардың үдайы жария етілуін қамтамасыз етсін.

9. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Экімшілігіне жүктелсін.

10. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

## Қазақстан Республикасының

## Президенті